



САЯСИ ПАРТИЯЛАР САЙЫСЫ

3-БЕТ



ЖАЗДЫҢ ЖАРҚЫН СӘТТЕРІ

6-БЕТ



Шетелде дауыс беру

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



МЕГАПОЛИС



МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАР

Алматы қалалық мәслихатында қолдау тапты

Алматы қаласы мәслихатының VIII сайланымдағы кезекті АХLVIII сессиясында қала өміріне қатысты бірқатар маңызды шешімдер қабылданды. Депутаттар жол қозғалысын ұйымдастырудың жаңартылған қағидаларын бекітіп, суицидтің алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құруды қолдады.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша депутаттар республикалық Жол қозғалысы ережелерімен реттелмеген бағыттар бойынша Алматы қаласында жол қозғалысын ұйымдастыру қағидаларын бекітті. Жаңа құжат жол қозғалысын ұйымдастырумен қатар көлікті тұраққа қою, оларды айып тұрағына жеткізу, сондай-ақ қорғаныш конструкциялары мен реттеуші элементтерді орнату тәртібін бір жүйеге келтірмек.

Негізгі жаңалықтардың бірі – тұрақ кеңістігін реттеу. Енді көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары тұрғылықты жерінен 500 метр радиуста орналасқан коммуналдық тұрақтардың бірінде бір автокөлігін тегін қоя алады. Сондай-ақ, алғаш рет жеке ұтқырлық құралдарына қатысты талаптар енгізілді. Электр самокаттары

мен өзге де микромобильдік көлік құралдарын орналастыру тәртібі айқындалып, олардың ретсіз қойылуын болдырмау, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыру көзделген.

Мұнымен қатар көлік құралдарын эвакуациялау және айып тұрағында сақтау рәсімі де жетілдірілді. Енді эвакуация фото және бейнетіркеумен, көлік құралын тексеру актісін ресімдеумен жүзеге асырылады.

Бұдан бөлек, мамандандырылған тұрақтардың жұмысына қойылатын бірыңғай талаптар белгіленіп, автокөлік иелерінің құқықтарын қорғау тетіктері күшейтілді. Жаңа қағидаларда жедел жәрдем, өрт сөндіру және басқа да шұғыл қызметтердің көліктерінің кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып, жалпы пайдалану аумақтарында шлагбаумдар мен қорғаныс қоршаула-

рын орнатудың бірыңғай тәртібі бекітілген.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша депутаттар Алматы қаласында суицидтің алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы шешімді бірауыздан қолдады. Комиссия мемлекеттік органдардың, денсаулық сақтау, білім беру, ішкі істер және әлеуметтік қорғау салаларының жұмысын үйлестіріп, профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталады.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Орынбасарұлы суицидтің алдын алу халықтың психикалық денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін және бұл мәселе Мемлекет басшысының, Үкіметтің, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігінің ерекше бақылауында екенін атап өтті.

Сессия соңында депутаттар мәслихаттың тұрақты комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу туралы мәселені қарады.

Аяжан ҚУАНЫШҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

DEEPFAKE ДӘУІРІНДЕГІ САЙЛАУ

Жалған ақпараттың жаңа қаупі қандай?

Сайлау науқаны – азаматтардың өз таңдауын еркін білдіретін маңызды саяси процесс. Бұл кезеңде сайлаушыларға үміткерлер, партиялар және олардың бағдарламалары туралы мол ақпарат ұсынылады. Сондықтан сайлаудың ашықтығы мен әділдігі тек заңнамамен ғана емес, ақпараттық кеңістіктің сенімділігімен де тығыз байланысты. Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы сайлау науқандарының сипатын түбегейлі өзгертті. Егер бұрын қоғамдық пікір негізінен дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптасса, қазір әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар негізгі ақпарат көзіне айналды. Бұл бір жағынан, ақпаратқа қолжетімділікті арттырса, екінші жағынан жалған ақпараттың таралу жылдамдығын да бірнеше есе арттырды.

Жаңа қауіп

Әлемде жасанды интеллект негізінде жасалатын deepfake технологиясы сайлау процестеріне төнетін жаңа қауіп ретінде қарастырылуда. Мұндай технология арқылы шынайыға өте ұқсас бейнежазбалар, дыбыстық хабарламалар немесе фотосуреттер дайындалып, белгілі бір үміткердің немесе мемлекеттік органның атынан жалған мәлімдемелер таратылуы мүмкін. Мұндай материалдардың негізгі мақсаты – азаматтарды жаңылыстыру, қоғамдық пікірге ықпал ету немесе ақпараттық кеңістікте сенімсіздік қалыптастыру.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, алдағы жылдары сайлау үдерістерінің ашықтығын қамтамасыз етудегі негізгі міндеттердің бірі жасанды интеллект арқылы таралатын жалған ақпаратқа қарсы қоғамның ақпараттық иммунитетін қалыптастыру болмақ.

Deepfake – жасанды интеллект алгоритмдерінің көмегімен адамның бейнесін немесе дауысын шынайы көрінетіндей етіп өзгерту технологиясы. Оның көмегімен белгілі бір адамның ешқашан айтпаған сөзін айтқандай немесе жасамаған әрекетін жасағандай көрсетуге болады. Қазір мұндай техно-

логия кино индустриясында, білім беру мен жарнамада заңды түрде қолданылып келеді. Алайда, соңғы жылдары оның саяси мақсатта пайдаланылу жағдайлары да көбейді. Әлемнің бірқатар елдерінде сайлау қарсаңында саясаткерлердің атынан жалған үндеулер жариялану фактілері тіркелуде. Тіпті, олардың дауысы қолдан жасалған аудиожазбалар әлеуметтік желілерге тараған немесе бейнежазбалар монтаждалып, қоғамда қызу талқылауға себеп болған оқиғалар да жеткілікті.

Deepfake технологиясы шынайы материалдан айырмашылығын қарапайым азаматтың бірден байқай алмауымен қауіпті. Сондықтан мұндай контенттің таралуы сайлаушылардың саналы таңдау жасауына кері әсер етуі мүмкін.

Әлемдік тәжірибе нені көрсетеді?

Deepfake қаупінің артуына байланысты көптеген мемлекет ақпараттық қауіпсіздікті күшейту бағытында нақты шаралар қабылдауда. Мысалы, Еуропалық одақ жасанды интеллектіні қолдануды реттейтін құқықтық тетіктерді енгізіп, ЖИ арқылы жасалған контентті арнайы белгілеу талаптарын күшейтуде.



Бұл азаматтарға материалдың жасанды интеллект көмегімен әзірленгенін алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

АҚШ-тың бірқатар штаттарында сайлау алдында үміткерлерге қатысты жалған бейне немесе аудио-материалдарды әдейі таратуға қатысты жауапкершілік күшейтілді. Мұндай шаралар сайлау үдерісінің әділдігін сақтауға бағытталған.

Ал Финляндия медиа-сауаттылықты ұлттық білім беру саясатының маңызды бөлігіне айналдырды. Оқушылар мектеп қабырғасынан бастап ақпараттың шынайылығын тексеруді, жалған жаңалықтарды анықтауды және цифрлық манипуляцияларды тануды үйренеді. Осы арқылы ақпараттық қауіпсіздіктің негізі азаматтардың сыни ойлау қабілет шыңдау жолымен қалыптасады.

Біз үшін де өзекті мәселе

Қазақстанда цифрландыру қарқынды дамып келеді. Мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа көшуі, интернеттің кең таралуы және әлеуметтік желілердің ықпалы азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін айтарлықтай арттырды. Бірақ бұндай жағдайда ақпараттық қауіпсіздік мәселесі де өзекті болуда. Әсіресе, алдағы 23 тамызда болатын Құрылтай сайлауы қарсаңында бұл мәселенің өзектілігі

артып отыр. Мұны еліміздің Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы да ескертуде.

Сайлау науқаны кезінде әлеуметтік желілерде жалған бейнематериалдар, монтаждалған фотосуреттер немесе шындыққа сәйкес келмейтін аудиожазбалар таралуы ықтимал. Мұндай ақпарат қоғамда негізсіз пікір қалыптастырып, азаматтардың таңдауына ықпал ету құралына айналуы мүмкін.

Осыған байланысты сарапшылар азаматтардың медиа-сауаттылығын арттыруды, ресми ақпарат көздеріне сүйенуді және ақпаратты бірнеше дереккөз арқылы тексеруді маңызды деп санайды. Осыған орай сайлау кезеңінде әрбір азамат бірнеше қарапайым қағиданы ұстануы маңызды:

- ақпараттың бастапқы дереккөзіне назар аудару;
- ресми ақпаратпен салыстырып тексеру;
- эмоцияға құрылған жарияланымдарға сын көзбен қарау;
- шынайылығы дәлелденбеген материалдарды таратпау.

Бұл қарапайым қағидалар жалған ақпараттың таралуын азайтып қана қоймай, сайлау процесінің ашықтығы мен қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Дереккөз: ЖИ).

ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ТЫҢ ҚАДАМ



Достық үйінде «Ынтымақтастық, сенім, тұрақтылық» тақырыбында алқалы жиын өтті. «Дөңгелек үстел» басындағы басқосуда қаламыздағы этномәдени бірлестіктердің басшылары жиналып, еліміздегі өзекті мәселелерді, соның ішінде алдағы Құрылтай сайлауы және бұрынғы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Халық кеңесіне» трансформациясын талқылады.

Іс-шараны Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы бастап ашып, басқосудың маңызына тоқталды. – Сіздер жаңа Конституция негізінде жүзеге асырылып жатқан реформаларға белсенді атсалысып келесіздер. Біздің басты міндетіміз – мемлекет саясатының жүзеге асуына, ынтымақтастыққа негізделген бірлік пен қоғамдық келісімді сақтай отырып, елдің тұрақты дамуына қызмет ету, – деді қала әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар, Абзал Нүкенұлы Алматы қаласында шағын және орта бизнесті дамыту, жаңа білім беру нысандарын салу, қаланың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқанын атап өтті. Әрі қолға алынған жобаларды үздіксіз жалғастырудың маңыздылығына тоқталды.

Жиын барысында этномәдени бірлестіктердің жетекшілері де сөз алып, Қазақстан халқы Ассамблеясының осы уақытқа дейін қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайту бағытында ауқымды жұмыс атқарғанын айтты. Олар Ассамблеяның «Халық кеңесіне» трансформациялануы оның қызметін жаңа деңгейге көтеріп, қоғамдық рөлін күшейте түсетінін айтты.

«Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Долкунтай Алиев конституциялық реформалардың елдің ұзақ мерзімді дамуына бағытталғанына тоқталды. Оның айтуынша, Ата Заңға енгізілген өзгерістер жастардың білімді, заңды құрметтейтін және жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Ол сондай-ақ еліміздегі этностар арасындағы бірлік пен өзара сыйластық – еліміздің ең басты құндылықтарының бірі екенін жеткізді.

Жиын соңында қатысушылар «Халық кеңесінің» құрылуы мен алдағы Құрылтай сайлауы еліміздің дамуындағы маңызды қадам болатынына сенім білдірді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

САЯСИ ПАРТИЯЛАР САЙЫСЫ

Теледебатта адам капиталының болашағы талқыланды

Алматы қаласындағы «Qazaqstan» телеарнасының жаңа медиакешенінде Құрылтай сайлауына қатысатын саяси партиялар арасында ұлттық теледебат өтті. «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы ұйымдастырған пікірсайыс «Қазақстанның болашағы – адам капиталы» тақырыбына арналды.

Теледебат барысында жеті саяси партияның өкілдері бір алаңға жиналып, елдің болашақ дамуына қатысты көзқарастары мен сайлауалды бағдарламаларындағы негізгі басымдықтарын таныстырды. Пікірсайыс білім беру, денсаулық сақтау, еңбек нарығы, жастар саясаты, өңірлерді дамыту, әлеуметтік қолдау және кадр тапшылығы мәселелерін қамтыды.

Теледебатқа әр партия өз өкілдерін қатыстырып, өз партияларының бағдарламалары мен алға қойған мақсаттарын жеткізді. Олар:

- Бектұров Ренат Нұрмолдұлы – «Әділет» партиясы;
- Егізбаев Серік Рахметоллаұлы – «Ауыл» партиясы;
- Нұралдинов Олжас Елтайұлы – «Ақ жол» партиясы;
- Смолякова Екатерина Сергеевна – «Respublica» партиясы;
- Сұңқар Ислам Еркінұлы – Қазақстан Халық партиясы;
- Сәмбетбай Тазабек Дәкенәйұлы – Жалпыхалық социал-демократиялық партиясы;
- Қадырбаева Нұргүл Жұмахметқызы – «Байтақ» партиясы.

5 кезеңде белдесті

Теледебат 5 кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде партия өкілдері өздерінің сайлауалды бағдарламаларының негізгі бағыттарын таныстырып, Құрылтай сайлауына қандай мақсатпен қатысып отырғанын және сайлаушыларға ұсына-тын бастамаларын баяндады.



II кезеңде барлық қатысушыға ортақ екі сұрақ қойылып, партиялар адам капиталын дамытуға қатысты көзқарастары мен бағдарламалық ұстанымдарын ортаға салды.

«Бетпе-бет» форматындағы III кезеңде партия өкілдері бір-біріне сұрақ қойып, өзара пікір алмасты. Бұл бөлімде қатысушылар бағдарламаларындағы басымдықтарды нақтылап, көтерілген мәселелер бойынша өз пікірлерін дәлелдеуге мүмкіндік алды.

IV кезеңде әлеуметтік желілер мен

мессенджерлер арқылы көрермендерден түскен сауалдар қойылды. Ол сауалдар мен ұсыныс-пікірлерін қабылдау үшін арнайы байланыс орталығы жұмыс істеді. Партия өкілдері қоғамды толғандырған әлеуметтік сала, экономика, білім беру және денсаулық сақтау бағыттарына қатысты сұрақтарға жауап берді.

Қорытынды кезеңде әр партия өкілі сайлаушыларға түйін сөзін сөйлеп, өз бағдарламаларының негізгі басымдықтарын тағы бір мәрте таныстырды.

Маңызды телекөпір

Жазушы, қоғам қайраткері Бекнұр Қисықов теледебаттың саяси мәдениетті қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтті.

«Теледебат – саяси партиялар мен халық арасындағы маңызды көпір. Осындай пікірсайыстар арқылы азаматтар партиялардың нақты бағдарламасын естиді, олардың ұстанымдарын салыстырады. Сонымен қатар, партиялардың өздері де пікірталас барысында бағдарламаларын жетілдіріп, мықты және әлсіз тұстарын айқындауға мүмкіндік алады. Бұл – саяси бәсекелестікті күшейтіп, қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыратын маңызды демократиялық құрал», – деді ол.

Пікірсайыс «Qazaqstan» телеарнасының ауданы 1050 шаршы метр болатын заманауи студиясында өтті. Сонымен қатар, медиаорталықтың Sky студиясында сарапшылар қатысқан арнайы талқылау алаңы жұмыс істеп, дебат барысында көтерілген мәселелерге талдау жасалды.

Қоғамдық пікірталас алаңы

Теледебат барысында қалың көрерменнің сауалдары мен ұсыныс-пікірлерін қабылдау үшін Арнайы байланыс орталығы жұмыс істеді. Азаматтар WhatsApp, Telegram, YouTube және Instagram әлеуметтік желілері арқылы сұрақтарын жолдап, пікір білдіруге мүмкіндік алды.

Көрермен экрандағы QR-код арқылы пікірсайысқа қатысушылардың сөзін бағалап, онлайн сауалнамаға қатысты. Қорытынды көрсеткіш мынадай: «Әділет» 67,1%, ЖСДП 2,2%, «Байтақ» 2,1%, Қазақстан халық партиясы 8,2%, «Ауыл» 5,4%, «Ақ жол» 9,9%, «Respublica» 4,3%, ешқайсысы ұнамады 0,8%.

Адам капиталын дамыту мәселесінде әр партияның өзіндік тәсілі бар екенін аңғардық. Бірі өңірлік инфрақұрылымды күшейтуге басымдық берсе, енді бірі мұғалім мен дәрігердің мәртебесін көтеруді, үшіншісі кәсіпкерлік пен технологиялық жаңғыруды, ал тағы бірі әлеуметтік әділет пен кадр даярлау жүйесін қайта қарауды ұсынды. Осылайша ұлттық теледебат Құрылтай сайлауына қатысатын саяси партиялардың адам капиталын дамыту жөніндегі көзқарастарын кеңінен таныстырған маңызды қоғамдық-саяси алаңға айналды.

Дана САДЫРҚАН.

Алматыда «Халық үні» тәуелсіз бақылаушылар тобы 23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауына қатысты баспасөз мәслихатын өткізіп, алдағы жұмыс жоспарын таныстырды. Жиында ұйым өкілдері мен қоғам қайраткерлері сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, бақылаушылардың рөлі және азаматтық белсенділіктің маңызы жөнінде пікір білдірді.

«Халық үні» тәуелсіз бақылаушылар тобының мүшесі, журналист Нұргелді Әбдіғаниұлының айтуынша, ұйымның басты мақсаты – сайлаудың заң талаптарына сай әрі әділ өтуіне қоғамдық бақылау жасау. Ал саясаттанушы Нұрболат Нышанбай тәуелсіз бақылаудың демократиялық үдерістегі орнына тоқталды.

– Біздің мақсатымыз – сайлау учаскелерінде заңнамалық талаптардың сақталуын бақылау арқылы әділ бәсекелестікке ықпал ету. «Халық үні» бұған дейін де елдегі маңызды саяси науқандарға белсенді қатысты. Бақылаушылар тобы БАҚ, саяси партиялар мен әрбір дауыс беруші үшін мынадай үндеу жариялайды. Біріншіден, сайлау – барлық саяси партияны әділ адал бәсекелестікке шақырамыз. Сайлау процесі кезінде барлық қатысушы заң алдында тең болуы керек. Жала жабу, арандату, қоғамдық пікірді бұрмалауға бағытталған негізсіз қадамдарға бармауға шақырамыз. Екіншіден, тәуелсіз бақылаушының басты міндеті – заңның сақталуын бақылау, заңбұзушылықтарды тіркеу. Үшіншіден, сайлау комиссиялары тарапынан тәуелсіз бақылаушыларға қысым көрсетуге жол бермеу. Төртіншіден, кез келген

«ӘДІЛ БӘСЕКЕНІ ҚОРҒАЙМЫЗ»



азамат өз құқығын білуі тиіс, – деді саясаттанушы.

ҚР Парламенті Мәжілісінің экс-депутаты, журналист Ермұрат Бәпи тәуелсіз бақылаушылар қозғалысына қосылуының себебін азаматтық қоғамды нығайтумен байланыстырып, бақылаушылар қозғалысының азаматтық жауапкершілікті қалыптастырып қана қоймай, қоғамдық санаға оң әсер ететінін жеткізді. Ал жазушы әрі қоғам белсендісі Бекнұр Қисықов сайлауды халықтың саяси мәдениеті мен саяси интеллектісінің көрсеткіші ретінде бағалады.

– Сайлау – халықтың саяси интеллектісінің көрінісі. Саяси интеллект дегеніміз – ұлттың, мемлекеттің дамуына

ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Азаматтардың саяси мәдениеті жоғары болған сайын мемлекет те тұрақты дами-ды. Дамыған елдердің тәжірибесіне қарасақ, сайлауға қатысу – қоғам өмірінің ажырамас бөлігі. Кейбір мемлекеттерде бұл азаматтық міндет ретінде қарастырылады. Сондықтан сайлауға немқұрайлы қарауға болмайды, – деді ол.

Оның айтуынша, сайлаудың әділ өтуіне мемлекеттік институттар ғана емес, қоғамның өзі де жауапты. Былайша айтқанда, азаматтар сайлауға сайлаушы, бақылаушы және кандидат ретінде қатысуының өзі демократиялық үдерісті нығайтады.

Баспасөз мәслихаты барысында ұйым-

дастырушылар тәуелсіз бақылаушылардың жұмысы сайлау нәтижесіне оң ықпал етіп, заң талаптарына сай, ашық әрі әділ өтуін бақылауға бағытталғанын баса айтты. Олар қоғамның әрбір белсенді мүшесін сайлау мәдениетін қалыптастыруға және азаматтық жауапкершілікті арттыруға үлес қосуға шақырды.

Алдағы Құрылтай сайлауы елдегі саяси үдерістердің маңызды кезеңдерінің бірі болмақ. Ал оның ашық әрі әділ өтуі мемлекет пен қоғам арасындағы сенімнің нығаюына, азаматтардың саяси белсенділігінің артуына негіз болады.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

Сурет: автор



Қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы өкілдерінің мәліметінше, 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,021 трлн. теңгеге жетті. Инвестицияның нақты көлем индексі 104,6% болып, мегаполистегі инвестициялық белсенділіктің тұрақты өсімін көрсетті.

Инвестициялардың негізгі бөлігі – ішкі капитал. Оның көлемі 870 млрд. теңгеге жетсе, сыртқы инвестиция 151,5 млрд. теңге болды. Сыртқы инвестицияның өсім қарқыны 112,9% -ға жетті.

Ең көп қаржы жылжымайтын мүлік, көлік және қоймалау, цифрлық технологиялар мен энергетика салаларына бағытталды. Атап айтқанда, жылжымайтын мүлік секторына 299 млрд. теңге, көлік және қоймалау саласына 172,6 млрд. теңге, ақпарат және байланыс бағытына 143,8 млрд. теңге, ал энергетика жобаларына 93,9 млрд. теңге инвестиция салынды.

Әсіресе, инвесторлар ең көп қызығушылық танытып отырған салалар қатарында жылжымайтын мүлік, логистика, цифрлық экономика және энергетика бар.

ИНВЕСТИОРЛАР ТАҢДАУЫ

Алматыға жарты жылда 1 трлн. теңгеден астам қаржы тартылды

Шаһарымыз Қазақстандағы инвестиция тарту бойынша ең тартымды өңірлердің бірі ретіндегі мәртебесін сақтап келеді. Бұған қаланың жоғары кадрлық әлеуеті, дамыған инфрақұрылымы, кең тұтыну нарығы және бизнес жүргізуге қолайлы жағдай ықпал етіп отыр.

Биыл алғашқы жартыжылдықта жылжымайтын мүлік секторына 299 млрд. теңге, көлік және қойма саласына 172,6 млрд. теңге (16,9%), ақпарат және байланыс бағытына 143,8 млрд. теңге (14,1%) инвестиция салынды. Сонымен қатар, электр қуатымен, газбен, бумен, ыстық сумен жабдықтау және ауа баптау жүйелері жобаларына 93,9 млрд. теңге инвестиция бағытталды.

2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 2,1 млрд. АҚШ долларына жетті. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес, бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 32,1% -ға төмендеген. Соған қарамастан, Алматы инвестициялық белсенділіктің жоғары

деңгейін сақтап, еліміздегі капитал тартудың негізгі орталықтарының бірі болып қала береді. Биыл қалада жалпы құны 542,8 млрд. теңге болатын 35 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Жаңа жобалар жаңа жұмыс орындарын ашуға, өндірістік инфрақұрылымды дамытуға және мегаполис экономикасын одан әрі әртараптандыруға ықпал етеді.

Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы өкілдерінің мәліметінше, инвестициялық бастамаларды іске асыру Алматының Қазақстанның ең ірі іскерлік және экономикалық орталығы ретіндегі позициясын одан әрі нығайтып, өңірлік және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

ҚАРЫЗ ҚЫССА, ҚАЙДА ЖҮГІНЕМІЗ?

Борышкердің банкпен келісімге келуі жеңілдейді

Елімізде несие жүктемесі көбейген азаматтарға қолдау көрсетудің жаңа кезеңі басталмақ. Енді бірнеше банк пен микроқаржы ұйымына қарызы бар азаматтар берешегін әр мекемеге жеке-жеке барып емес, бір жүйе арқылы реттей алады. Ол үшін Қарыздарды реттеу жөніндегі бірыңғай орталық құрылып, қарыз алушыларға арналған жаңа цифрлық платформа іске қосылды.



Сонымен қатар, бүгіннің өзінде қарыз алушылар үшін бірнеше банк пен микроқаржы ұйымдары алдындағы берешекті бір мезгілде реттеуге мүмкіндік беретін цифрлық платформа жұмысын бастады. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің әлеуметтік жобалар және қаржылық сауаттылықты арттыру департаментінің директоры Александр Терентьев мәлімдеді.

Оның айтуынша, реформаның басты мақсаты – қарыз алушыларға көрсетілетін көмекті неғұрлым қолжетімді әрі түсінікті ету, сондай-ақ олардың жалғыз баспанасынан айырылып қалу қаупін барынша азайту екен.

«Біз қаржыға байланысты дау мен берешекті реттеудің бірыңғай жүйесін қалыптастырып жатырмыз. Бұл қарыз алушыларға процесті барынша түсінікті, қолжетімді әрі ыңғайлы етеді. Болашақта жеке және ұжымдық реттеу, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мен азаматтарды банкроттық мәселесі бойынша сүйемелдеу тетігінің барлығы қаржы омбудсманының базасында құрылатын Қарыздарды реттеу жөніндегі бірыңғай орталыққа біріктіріледі. Азамат үшін бұл – қарызды өтеудің қолайлы шартын таңдаудан бастап заңда көзделген өзге рәсімдерді қолдануға дейін оның жағдайы жан-жақты қаралатын бірыңғай жүгіну нүктесі болады», – дейді спикер.

Агенттік қаржы омбудсманының жаңа

ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА



«Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін finkelisim.kz платформасы іске қосылды



350 мың адам алғашқы кезеңде қамтылады



150 – 1 600 АЕК жалпы берешек көлемі (2026 жылы) 648 мың – 6,9 млн теңге



Төлем мерзімі 90 күннен асқан 2 және одан көп кепілсіз несие бойынша

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ (3 ЖЫЛДА)



703 мың адам қарыз алушының берешегі реттелді



754 млрд теңге жалпы сомасы болатын берешек реттелді



Қайта құрылымдау, төлемді кейінге қалдыру, жеңілдетілген өтеу кестелері және өзге де қолдау шаралары көрсетілді

ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



60 мың отбасы қолдау алды



678 млрд теңге жалпы қолдау көлемі

Төлем мерзімі 90 күннен асқан ипотекалық несиелердің үлесі

2015 жыл 2026 ж. 1 маусым

30% → 0,6%

жұмыс қағидаларын 27 шілдеде бекітті. Олар 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Қаржы омбудсманы банк, микроқаржы мен сақтандыру секторының құзыретін біріктіріп, қарыз алушылардың құқығын қорғау мәселесін қоғамдық ұйымдардың қатысуымен талқылайтын алаңға айналмақшы.

Жаңа жүйенің негізгі құралдарының бірі – «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін finkelisim.kz цифрлық платформасы. Ол бірнеше кредитор алдында мерзімі өткен берешегі бар азаматтарға қарызын бірыңғай рәсім арқылы реттеуге мүмкіндік береді.

Платформаны екі және одан да көп кепілсіз тұтынушылық несиесі бойынша төлем мерзімі 90 күннен асқан қарыз алушылар пайдалана алады. Жалпы берешек көлемі 150-ден 1600 АЕК-ке дейін болуы тиіс. 2026 жылы бұл – 648 мың-

нан 6,9 млн. теңгеге дейін. Өтініш берілгеннен кейін жүйе белгіленген талаптарға сәйкестікті автоматты түрде тексеріп, бірыңғай өтеу кестесін қалыптастырып, кредиторлар берешекті өндіріп алуды уақытша тоқтатады.

Агенттіктің бағалауынша, алғашқы кезеңде жаңа тетік шамамен, 350 мың проблемалық қарыз алушыны қамтиды.

«Платформаның басты әлеуметтік маңызы – әрбір несие жеке қаралмайды, керісінше қарыз алушының жалпы борыштық жүктемесі бағаланады. Бұл шын мәнінде орындалатын өтеу шарттарын таңдауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтар үшін ұзақ мерзімдер мен ай сайынғы төмен төлемдер қарастырылған. Яғни шешім формалды емес, отбасы үшін нақты орындалатындай болуы тиіс», – деді Александр Терентьев.

Платформаны дамыту жалғасады. Ке-

лесі кезеңде ол жеке сот орындаушыларының жүйесімен, кейін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және жеке тұлғалардың банкроттығы тетіктерімен біріктіріледі. Соның нәтижесінде сотқа дейінгі реттеуден бастап ықтимал банкроттыққа дейінгі бүкіл процесс бірыңғай жүйенің құрамына енеді.

«Агенттік жүзеге асырып жатқан барлық шараларды бір қағида біріктіреді: көмек атаулы болуы және қарыз алушының мәселесін нақты шешуге бағытталуы тиіс. Әңгіме қарызды жаппай кешіру туралы емес, адамның төлем қабілеттілігін қалпына келтіріп, өз міндеттемесін шамасына қарай орындап, отбасының одан әрі қаржыдан нашарлауына жол бермеуге мүмкіндік беретін жағдай жасау туралы болып отыр», – деп түйіндеді Александр Терентьев.

Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕРІ

Тоқтар Әубәкіров 80 жасқа толды

Командир Сергей Волков, бортинженер Айдын Айымбетов пен Андреас Могенсендер мінген «Союз ТМА-18М» экипажы ұшы-қиыры жоқ кеңістікке қарай жалындата өрлеп барады. Бұл – жұмыр Жерден көк аспанға қарай жол салған 500-ші ғарыш кемесі. Ұшырылымға тұтас әлем көз тігіп отыр. Алаш баласының кезекті сапарын қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев та тамашалаған. Қос батырдың бауырына деген тілеулес әрі тілектес тұлғасы сонадайдан аңдалады. Бұл – ақпарат арғы-мағына мінсек деп жүрген бала кезден зердемізге сіңген құтты картина еді.

Кейінгі жүріп жатқан жаңа тәжірибелер де Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтың ғарыш орбитасында жүргізген зерттеулерінің жалғасы тақылеттес маңызды мән тапқан. Иә, мұндай аса үлкен, ауқымды бағдарлама бастауында қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, авиация генерал-майоры Тоқтар Әубәкіров тұр еді. Биыл ғарышқа ғылым өнегесі мен ұлттық рухты, қазақ қалпы мен қазақ болмысын көтере жеткен ғарышкеріміз, Халық Қаһарманы атанған ағамыз 80 жастың төріне шығып отыр.

Туған жеріне тартып туған перзент

Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы Қарағанды облысының құйқалы өңірі – Қарқаралы ауданында дүниеге келді. Әйдік ғарышкер тұлғасының қалыптасуына жер жүзінің жұмағы тұрпаттас мекеннің саф ауасы, салқын самалы, көрікті табиғаты ерекше әсер етсе керек. Әсіресе, Қарқаралы, Бурабай, Баянауылдың аса бай құнары төтенше ықпалды болған.

Ғарышкердің өзі де бір сұхбатында туған жерге тартып туғаны турасында: «Қарасаңыз, осы үш өлкедегі ғажайып әлемді араласаңыз да ешбір жерден таба алмайсыз. Сұлулығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Баянауылды қараңызшы, бір жерден 17 академик шыққан. Ол да сол жердің тектілігі, қасиеттілігі. Қарқаралыда туған тұлғалар ше? Менің атам – Қаздауысты Қазыбек би, оның немересі Мәди Бәпиұлы, Тәттімбет, Қасым – әрқайсысы қазақтың біртуар, қайталанбас перзенттері. Ұлы Отан соғысында өшпес ерлік қалдырған Нұркен Әбдіровтің өзі қасиетті топырақ тудырған құбылыс емес пе?! Осындай тұлғалардың табаны тиген киелі мекеннің қасиеті маған да аздап жұққан болуы керек, жастайымнан асқақ арманға қол созып, тек зау биіктерді ғана бағынды-

руды өзіме мұрат еттім... Қарқаралы – менің кіші Отаным! Мына бүкіл байтақ Қазақстанды Қарқаралымен тең қоямын. Тең көремін. Әрине, қай жерге барсаң да өзінің қасиеті бар. Байтақ еліміздің әр түкпірі шашыраған алтын ғой. Жердің қасиетін түсіне білу керек. Сол жерлерді көтеру керек. Туған жер десе, Мәди бабамша «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» дегім келіп тұрады үнемі...», – деп толғанды.

Тоқтар Әубәкіров оң-солын таныған кішкене кезінен-ақ өз мақсатын бағамдады, қиялының қырқасын аса биіктер ілмегіне ілді, ғарыш құшағына ұмтылды. Өзінің қажырлы еңбегі, ұлттық санасы, асқан батылдығының арқасында авиация саласының биік белесіне шықты.

Тарих ирелеңі: ғарышқа жетелер жол

1991 жылдың 2 қазаны. «Союз ТМ-13» ғарыш кемесі мүйісі мен қиыры көрінбейтін ғарышқа жол сызып барады. Ішінде экипаж командирі Александр Волков, австриялық ғарышкер Франц Фибек пен қазақтың батыр ұлы Тоқтар Әубәкіров отыр. Сапарға шыққан ғарышкерлерге артылған жүк те ауыр еді: Жұмыр жердің кіндік тұсын танып, табиғат-ананың тынысын барлау. Бұл жолғы сапарда Тоқтар Әубәкіров ағамыз Кеңес Одағының 72-ші, ең соңғы ғарышкері болып тарихқа енді. Түркі халықтарының ішінде тұңғыш болып ғарышқа ұшқанын қандас мемлекеттердің де журналистері сүйіншілеп жатты. Батыр жұмыр жерден жырақта 7 күн 22 сағат 12 минут өткізіп, 1991 жылдың 10 қазанында «Союз ТМ-12» кемесімен Отанына оралды.

Тоқтар Әубәкіровтің бүгінгі болмыс-тұлғасына қарасаңыз, сөзсіз ежелгі қағандар бейнесін байқайсыз. Ағамыздың еңбек жолы да жемісті өтті. 50-ден астам әскери ұшақтың тұсауын кесіп, әлемге



әйгілі сынақшы-ұшқыш атанды. 1988 жылы тарихтың тағы бір жаңалығын жеткізіп, ерекше оқиғаның жадымызға жазылуына ықпал етіп, ауада жанармай құйдыру әдісі арқылы Солтүстік полюске дейін ұшты. Сапары да сәтті болып, өзінің кәсіби шеберлігінің арқасында төрткүл дүниеге танылды. Осы бір ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Бұдан бөлек, есім-сойы әскери авиациядағы айрықша жетістіктері үшін Гиннестің рекордтар кітабына жазылып, Дүниежүзілік авиация мұражайының тізіміне енді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Тоқтар Әубәкіров Қазақстан Республикасы Президентінің ғарыш мәселелері жөніндегі кеңесшісі болды, ұлттық ғарыш саласының қалыптасуына атсалысты. 1992–1993 жылдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары қызметін атқарып, жаңадан құрылған Қарулы Күштердің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

Дүбірлі той дерегі

Халық Қаһарманы, Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің биылғы 80 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілмек. Туған жері Қарқаралыда 1 тамыз күні өтетін дүбірлі тойда балуандар күресіп, шабандоздар бәйгеге түседі. Сондай-ақ, мере келік іс-шара өтіп, байырқалы бәйгенің жүлдесіне бес автокөлік тігіледі. Бұл жайлы әлеуметтік медиада оқтын-оқтын хабарланып жатыр.

Мұндай игіліктің бәрі Тоқтар Әубәкіровтің өмір жолында ашылған тағы бір кеңістік, тағы бір кеңістіктің кереметі секілді. Отанға адал қызмет етудің, кәсіби шеберлік пен табандылықтың, батылдық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісіне айналған ағамыздың бұл жолғы кеңістігі де ел іші, халық құшағынан қуат алған. Ел-жұрты ерекше алқалап тұр. Біз де өз тарапымыздан тілек айтып, жетістіктер мен кеңістіктерге құлаш сермеп келе жатқан қазақ батырының көрер қуанышы көп болсын дейміз!

Дастан ҚАСТАЙ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Дәстүрлі мәдениет – бағалы байлық

Жұртшылыққа қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен мәдени мұрасы туралы ғылыми негізделген ақпарат жетуі тиіс. Әйтпесе, TikTok, YouTube пен басқа да әлеуметтік желіде көпті шатастыратын дүниеден аяқ алып жүре алмай қаламыз.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында еліміздің жетекші этнографтары осылай деп мәлімдеп, ұлттық мәдениетті, фольклор мен тарихи жадты сақтау мәселесіне байланысты пікір білдірді.

Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты этнология бөлімінің бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Серік Әжіғали академиялық этнографияның ондаған жыл бойы қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеп келе жатқанын айтты. Алайда, кейінгі жылдары цифрлық платформаның қарқын алуына байланысты кәсіби зерттеушілер бұрынғыдай елеп-ескерілмейтін болған көрінеді.

«Менің ойымша, этнография ғылымының рөлі аса маңызды. Бірақ цифрлық технология дамып, осы бағыттағы ақпараттардың әлеуметтік платформалар арқылы кең таралуына байланысты



ғылымның орны біршама көмескіленіп қалды. Бұл алаңдатарлық жағдай. Себебі, дәстүрлі мәдениетті ғылыми дерекке сүйене отырып зерттеп, түсіндірген дұрыс», – дейді Серік Әжіғали.

Оның айтуынша, қазақ халқының мәдениетін жүйелі зерттеу өткен ғасырдың орта шенінен бері жүргізіліп келеді. Осы уақыт аралығында этнографтар, мәдениеттанушылар мен антропологтар қазақтардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі мен рухани мәдениетіне арналған 150-ден 200-ге дейін іргелі ғылыми еңбек пен монография әзірлепті.

«Осындай ғылыми еңбектерді әлдеқайда көп таралыммен шығару қажет. Қарапайым халықтың оларға қолы жете бермейтіндіктен, көбіне жалған ақпарат алып, жаңылысып жатады. TikTok немесе YouTube-та жарияланған мәліметті көпшілік шындық деп қабылдайды. Бірақ оның арасында бұрмаланған ақпарат та аз емес», – деп атап өтті ғалым.

Серік Әжіғали этнология ғылымын дамытудағы негізгі мәселенің бірі ретінде елімізде дербес академиялық этнография институтының жоқтығын атады. Оның айтуынша, елімізде бұл салада еңбек ететін жүздеген ғалым, ғылым докторы мен кандидат бар, яғни ғылыми әлеует жеткілікті. Дегенмен, ұлттық мәдениетті зерттеу жұмысын үйлестіретін бірыңғай ғылыми ұйым әлі күнге дейін құрылмаған дейді.

Ал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Тәттігүл Қартаева қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының көбі сақталғанымен, әуелгі мәні

көмескіленіп, оны мерекелік рәсімде ғана елеп-ескеретін болдық дейді. Мәселен, спикердің айтуынша, беташар да кезінде осындай маңызды әлеуметтік қызмет атқарып, мазмұны да қазіргіден әлдеқайда терең болған.

«Беташар арқылы жас келінді жаңа әулетпен, отбасымен, ортасымен таныстырған. Туыстарды таныстырып, табыстырып, олардың әулеттегі орнын түсіндіріп, әдепті үйреткен. Бұл келінді жаңа ортаға бейімдейтін әлеуметтік институт болған», – дейді этнограф.

Оның айтуынша, қазір беташарды көбіне тойда көңіл көтеру үшін жасайтындықтан, оның тәрбиелік мазмұны екінші қатарда қалып барады.

«Беташардың астарында бағыну емес, адамның жаңа ортаға қабылдануы жатыр. Бұл отбасының қадір-қасиетін, әулеттің абыройын сақтауға әр адамның жауапты екенін білдіретін үлкен рәміз», – дейді этнограф.

Дәстүрлі мәдениет пен ұлттық дүниетанымының көп элементі ғасырлар бойы қалыптасқанын, сондықтан оны қаз-қалпы сақтап, келер ұрпаққа мазмұнын бұзбай аманаттап жеткізіп отыру керек екенін де айтады ғалым.

«Мәдени мұра дегеніміз, сәулет ескерткіші немесе музейдегі жәдігерлер ғана емес, бұл халықтың салт-дәстүрінде, фольклорында, тілінде, отбасылық құндылықтары мен күнделікті тұрмысында сақталған тірі жады. Дәл сол арқылы ұлттың дүниетанымы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі», – дейді спикер.

Нұржамал ӘЛІШ

ЖАЗДЫҢ ЖАРҚЫН СӘТТЕРІ

Алматылық балалардың демалысы қалай өтіп жатыр?



Мектеп оқушыларының жазғы демалысының жайлы өтуін қым-қуыт жұмысқа қарамастан, мемлекет өз назарында ұстап отыр. Бұл туралы арнайы қаулы да бекітілген. Алматылық балалардың да жазғы демалысы биыл алуан мазмұнға толы болды. Сонымен, биыл қанша бала лагерьге барды?

Қалалық Білім басқармасының мәліметінше, биыл жазғы демалыс және сауықтыру бағдарламаларымен 294 мыңға жуық оқушы қамтылған. Яғни 1–10-сынып оқушыларының 98,7%-ы қамтылған. Мәселен, бұл көрсеткіш өткен жылы 94,4% болса, биыл 4,3 пайызға арта түскен. Осының өзі Алматы қаласының балалар демалысын ұйымдастыру бойынша еліміздегі ең белсенді қалалардың бірі екенін көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, биыл қаламыздағы 207 мемлекеттік мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмыс істеді. Лагерьде 190 мыңға жуық бала демалса, олардың 42 мыңы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Бұған қоса, 2537 әлеуметтік осал санаттағы бала қала сыртындағы сауықтыру лагерьлерінде демалыстарын өткізіп жатыр. Соңғы жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін де арнайы бағдарламалар қарастырылып, өзге балалармен қатар жазғы демалыстарын жайлы өткізіп жатыр. 1980–1990 жылдары қала сыртындағы балалар лагерьлері көп болғаны мәлім. Әрбір ірі кәсіпорын мен ведомствоның өз демалыс базасы жұмыс істейтін. Алайда, жекешелендіру кезеңінде олардың басым бөлігі жекенің қолына өтіп, бірқатары мүлде жойылып кетті.

Ал 1990–2000 жылдары балалардың жазғы демалысы көбіне ауылда немесе қала сыртындағы лагерьлерде өтетін. Бағдарламалары қарапайым болса да, бұл орындар балалардың жаңа достар тауып, түрлі дағды меңгеріп, ұмытылмас естеліктер



тер жинайтын мекеніне айналды. Балалар өзенге, бассейнге шомылады, сосын спорттық жарыстарға қатысатын. Түрлі концерттер, кешкі от басындағы мереке, туристік жорықтар. Міне, осындай демалыс түрлерінің өзі балаларды күні бойы бірге ойнауға, жақын араласуға, табиғат аясында уақыттың денін өткізуге баулыды. Бұл арада мұндай демалыстың басты артықшылығы, интернеттің жоқтығы екенін айтуға болады.

Ал қазіргі лагерьлердің ерекшелігі тіптен көп. Мәселен, IT-лагерьлер, этнолагерьлер, экологиялық лагерьлер, спорттық лагерьлер, тіл лагерьлері мен шығармашылық шеберханалар деп бірнеше бағытты қамтиды. Тіпті кейбір қала мектептерінде оқушылар киіз үйде ұлттық дәстүрлермен танысса, басқа лагерьлерде бағдарламалау, робототехника немесе 3D модельдеу негіздерін меңгереді. Қазіргі таңда лагерьлердегі қауіпсіздікке қойылатын талап та күшейе түскен.

Бұрындары лагерь таңдауда табиғаттың әсемдігіне көбірек мән берілсе, қазір ата-аналар бірінші кезекте қауіпсіздікке назар аударады. Алматы мектептеріндегі лагерьлерде медициналық кабинеттер жұмыс істейді, қауіпсіздік техникасы бойынша сабақтар өткізіледі, балалардың судағы, жолдағы және қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері түсіндіріледі. Сонымен қатар, лагерьлерді арнайы комиссиялар тексеріп, санитарлық талаптардың сақталуын қадағалайды. Балалар психологы Аида Талғатқызының пікірінше, лагерь баланың әлеуметтік дағдыларын дамытатын маңызды орта. Жаңа ортаға бейімделу, өз қатарластарымен тіл табысу және күн тәртібін сақтау баланың өзіне деген сенімін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, маман ата-аналарға лагерь таңдар алдында оның бағдарламасын, қауіпсіздік шараларын, медицина қызметкерінің болуын және тәрбиешілер құрамын мұқият зерделеуге кеңес береді.

Лагерь педагогы болып ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан Гүлнар Жаңабекованың айтуынша, лагерь баланың тек демалатын орны емес. Олар мұнда жаңа достар табады, командамен жұмыс істеуді үйренеді, өз бетінше шешім қабылдай бастайды, ең бастысы – телефоннан алшақтап, белсенді өмір салтын ұстанады. Қысқасы, балалар мұнда табиғатпен көбірек араласады.

Соңғы жылдары алматылық ата-аналар баласының жәй ғана уақыт өткізуін емес, жаңа білім мен тәжірибе алғанын қалайды. Сондықтан көбіне ағылшын тілі, бағдарламалау, спорт, шығармашылық, ұлттық дәстүр, экология бағытындағы бағытындағы лагерьлерге сұраныс та артып келеді. Жазғы лагерьлердің форматы өзгергенімен, негізгі мақсаты сол күйінде қалды. Ең бастысы – баланың қауіпсіз, қызықты әрі пайдалы демалысын ұйымдастыру.

Айтпақшы, ЮНИСЕФ пен халықаралық білім беру ұйымдарының зерттеулеріне сәйкес, жазғы лагерьлерге тұрақты қатысатын балалардың өзге балалардан айырмашылығы да жоқ емес. Олардың қарым-қатынас жасау дағдылары жақсарады. Өзіне деген сенімі артып, жаңа ортаға бейімделуі жеңілдейді. Сосын командалық жұмысқа икемі қалыптасады. Соңғы жылдары көптеген елдер жазғы лагерьлерді тек демалыс емес, бейресми білім берудің маңызды бөлігі ретінде қарастыра бастады.

Бүгінгі Алматы лагерьлері балаларға тек көңіл көтеруді ғана емес, жаңа достар табуға, ұлттық мәдениетпен танысуға, цифрлық технологияларды меңгеруге және өз қабілетін дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан лагерь жазғы демалыспен қатар баланың жан-жақты дамуының маңызды алаңына айналып келеді.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жастарды қолдаған қала

Алматыда қала жастарына кеңес беру, білім беру, шығармашылық, экологиялық және қоғамдық жобаларды жүзеге асыруға арналған 12 комьюнити-орталығы жұмыс істейді. Қалалық Жастар саясаты басқармасының өкілдерінің айтуынша, 2026 жылдың басынан бері комьюнити-орталықтарына 344 мыңнан астам жас келген. Осы уақыт ішінде 980-нен астам іс-шара өткізіліп, оған 210 мың адам қатысты.

Жыл басынан бері 7,6 мыңнан астам жасқа түрлі бағытта кеңес берілді. Оның ішінде 5 мың өтініш жұмысқа орналасуға қатысты болса, тағы 2,6 мыңы психоло-

гиялық және құқықтық көмек көрсету мәселелерін қамтыды. Комьюнити-орталықтарының қолдауымен 1,2 мыңнан астам жас жұмысқа орналасты.

Орталықтарда бағдарламалау, мобилография, шығармашылық бағыттар бойынша курстар, кәсіптік бағдар беру кездесулері және жастар бастамалары тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Айта кетейік, 2026 жылдың соңына дейін Алматыдағы комьюнити-орталықтарының санын 15-ке дейін көбейту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, көрсетілетін қызметтермен қамтылатын жастар санын 700 мың адамға дейін жеткізу және кемінде 22 мың кеңес беру көзделген.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ



«ҚАЙРАТ» ЕСЕ ҚАЙТАРДЫ

Алматыда УЕФА Чемпиондар лигасының екінші іріктеу кезеңі аясында «Қайрат» пен «Омония» арасындағы қарымта ойын өтті. Ел біріншілігінде маңызды қарсыласын жеңген «Қайрат» бұл жолы өз алаңында Кипрден келген командадан есе қайтарды.

Жауапты жарыс

Бірнеше күн бұрын Орталық стадионда «Ордабасыға» қарсы маңызды ойын өткізген алматылық команда өз алаңына көп ұзамай қайта оралды. Ел біріншілігінде басты қарсыласын жеңіп, ҚПЛ турнирлік кестесінде көш бастаған «Қайрат» келесі матчты кипрлік «Омонияға» қарсы өткізді. УЕФА Чемпиондар лигасының бірінші іріктеу кезеңінде Черногорияның «Сутьескасын» екі кездесуде де жеңген қазақстандық команданың екінші кезеңдегі қадамы сәтсіз басталған болатын.

Никосия қаласында болған ойында «Омония» 1:0 есебімен басым түсті. Матчтан кейін «Қайраттың» бас бапкері Рафаэль Уразбахтин «өз алаңымызда жақсырақ өнер көрсетеміз» деп айтқан еді. Былтыр алматылық клубты алғаш рет Чемпиондар лигасының негізгі кезеңіне шығарған бапкер бұл уәдесінде тұрды. Орталық стадионға жиналған 19 мың жанкүйер үшін матч сәтті аяқталды.

Бірінші тайм

Ойынға толығырақ тоқталсақ, алғашқы минуттарда алаңдағы екі команда тең ойнады. Бірақ трибуналардағы жанкүйерлердің қолдауына сүйенген алматылықтар әр минут сайын өз басымдықтарын көрсете бастады. Ал 18-минутта тіпті, ойын есебі ашылғандай көрінді: сары-қара жейделі Гуштаву көтерген допты Ойва Юккола баспен қақпаға дәл бағыттады. Ол қақпа маңдайшасына тиіп, төмен түсті. «Қайрат» ойыншылары гол соғылғанын айтуға тырысқанымен, төреші доп қақпа сызығынан аспағанын меңзеп, ойынды жалғастыруға пәрмен берді. Ал 26-минутта Лев Кургинге қарсы ереже бұзған шабуылшы Андрони-



кос Какулис алаңнан қуылды. Бұл кипрлік команда үшін екі ойындағы екінші қызыл қараң.

Бірінші кездесуде «Омония» сапынан Него алаңнан кетіп, алматылықтарға қарсы бір ойыншыға кем ойнаған еді. Бұл сценарий осы матчта да қайталанды. Алаңдағы жағдай өзгерген соң, Рафаэль Уразбахтин команда құрамына өзгеріс енгізді. Ол 36-минутта қорғаныстағы Дамир Қасабұлат пен Лев Кургинді шабуылшылар Исмаил Бекболат пен Эдмилсонға ауыстырды. Бұл өзгеріс бірден нәтиже берді. 37-минутта Луиш Мата сол қапталдан әуелете пас берді. Оған бірінші жетіп, баспен соққы жасаған Эдмилсон есеп ашты – 1:0 (1:1). Екі ойын нәтижесі бойынша есеп теңескен соң, алаң иелерінің

шабуылдары үдей түсті. Алайда, бірінші таймда есеп өзгермеді.

Екінші тайм

Кездесудің екінші жартысы да «Қайрат» басымдылығымен өтті. Шабуыл тобындағы ойыншылар – Юккола, Бекболат, Гуаль мен Эдмилсон есепті еселеуге тырысты. Алайда, 10 ойыншымен қорғанған «Омония» қорғаныста қателік жібермеді. 72-минутта академия тәрбиеленушілері Азамат Тұяқбаев пен Олжас Байбек алаңға шықты. Ал 77-минутта Оксанен гол соқты, бірақ «Қайраттың» екінші добы VAR шешімімен есепке алынбады. Бұдан кейін де «сары-қараларда» бірнеше жақсы мүмкіндік болды. Бірақ негізгі уақытта жеңімпаз анықталмады.

Овертаймда командалардың шаршағанын білсе де, алматылықтар ойынды пенальтиге жеткізбей аяқтауға тырысты. Ал 111-минутта «Омония» ойыншысы Сену Кулибали екінші сары қағаз алып, алаңнан қуылған соң, 11 ойыншы 9 ойыншыға қарсы ойнауға мүмкіндік алды. Алайда, қонақ команданың қақпасынан саңылау оңайлықпен табылмады. Нәтижесінде келесі кезеңге жолдаманың тағдыры пенальти сериясында шешілді.

6:5

Былтыр «Селтикке» қарсы Чемпиондар лигасына іріктеудің плей-офф кезеңінде ерлік көрсетіп, бірнеше пенальти қайтарған Темірлан Анарбеков тағы бір мәрте өз шеберлігін көрсетті. Ол кипрлік екінші ойыншының соққысын қайтарды. Ал алматылықтар сапында тек Олжас Байбек қателік жіберді. Осылайша пенальтиде 6:5 есебімен жеңіске жеткен «Қайрат» командасы беделді турнирдің үшінші іріктеу кезеңіне өтті.

Енді Рафаэль Уразбахтин шәкірттері Болгарияның «Левски» командасымен кездеседі. Олар екінші іріктеу кезеңінде Румынияның «Университатя» (Крайова) клубынан (2:2, 1:0) басым түсті. Үшінші кезеңдегі алғашқы матч 4 немесе 5 тамызда Болгарияда өтсе, қарымта кездесу 11 тамызда Түркістан қаласында болады. Еске салайық, Алматыда Канье Уэст концерттің ұйымдастырылуына байланысты «Қайраттың» бұл ойыны «Түркістан Аренаға» ауыстырылды.

Айта кеткен жөн, алматылық клуб осы маусымда кемінде УЕФА Конференциялар лигасына жолдаманы қамтамасыз етті. «Қайрат» «Левскиге» есе жіберген жағдайда Еуропа лигасының плей-оффында бақ сынайды. Бұл кездесулерде де жеңілетін болса, Конференциялар лигасының топтық кезеңінде өнер көрсетеді.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ӘКЕ АРМАНЫН ОРЫНДАҒАН ҰЛ

Ұлттық ұланның Алматыдағы 5571 әскери бөлімінің сержанты Дамир Нағалиев әкесіне берген уәдесін орындау үшін велосипедпен 900 шақырымнан астам жолды жүріп өтті.

Сарбаздың әкесі кезінде Жетісайдан Сақанға дейін велосипедпен сапар шегуді армандаған екен. Бірақ орындауға мүмкіндігі болмаған көрінеді. Осы арманды әке аманаты ретінде қабылдаған әскери қызметші еңбек демалысын толықтай осы мақсатқа арнады. Яғни Дамир Нағалиев Алматы қаласынан Жетісайға дейін 900 шақырымнан астам қашықтықты сегіз күн ішінде велосипедпен еңсерді.

– Әкемді райынан қайтарып, алдымен бұл жолдың қаншалықты қиын екенін өзім көріп, білгім келді. Сол себепті, ең алдымен өзім жүріп өтуді жөн көрдім. Әкемнен рұқсат сұрап, демалысқа шығар алдында велосипед сатып алдым. 1 шілдеде түнгі сағат 02.00-де ешқандай дайындықсыз жолға шығып кеттім, – дейді әскери қызметші.

Сапар барысында ұландық жауынгер жауын-шашынға, қатты желге және күрделі асуларға қарамастан діндеген жеріне аман-есен жетті. Ең ұзақ күндік жүрісі 230 шақырымды құраған.

Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің



сержанты Дамир Нағалиевтің айтуынша, әскери қызметте қалыптасқан тәртіп, төзімділік пен жауапкершілік, сондай-ақ отбасы мен әріптестерінің қолдауы барлық қиындықты еңсеруге күш берген. Бұл сапар тек ұзақ қашықтықты бағындыру емес, әке аманатына деген құрметтің, берілген уәдеге адалдықтың және әскери қызметші рухының айқын үлгісі. Осындай өнегелі іс жастарға отансүйгіштік пен отбасылық құндылықтардың маңызын дәріптейді деп білеміз.

Нұржамал ӘЛІШ.



СӘТІНДЕ СЕРМЕЛГЕН СЕМСЕР

Қазақстан құрамасы семсерлесуден Гонконгта өткен 2026 жылғы әлем чемпионатында алтын жүлдеге қол жеткізді.

Ерлер құрамасы шпага бәсекесінде топ жарды. Руслан Курбанов, Ерлік Сертай, Кирилл Проходов және Вадим Шарлаимов финалға дейін жетіп, алтын медаль үшін өткен кездесуде Украина құрамасымен жолықты. Шешуші кездесу 40:45 есебімен Қазақстанның пайдасына аяқталды. Турнир барысында қазақстандықтар Финляндияны (45:39), Өзбекстанды (28:27), Данияны (45:36) және Мысырды (41:32) жеңді.

Осылайша, шпагашылар тарихи нәтижеге қол жеткізді. Бұған дейін бұл сайыс-

тағы команданың ең жоғары жетістігі 2025 жылы жеңіп алған қола медаль болатын. Сондай-ақ Руслан Курбанов 2023 жылы жекелей сында қола жүлдегер атанған еді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев семсерлесуден Қазақстан ерлер құрамасын Гонконгта өткен әлем чемпионатындағы жеңісімен құттықтады. Мемлекет басшысы құттықтауында семсерлесушілердің ел тарихындағы тұңғыш алтын медалі спорттық шеберліктің, болаттай берік мінез бен командалық рухтың айқын көрінісі екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев жеңімпаздар мен жаттықтырушылар құрамына Қазақстанның әлемдік аренадағы беделін арттыруға қосқан үлесі үшін шынайы алғысын айтып, жаңа жеңістерге жете беруіне тілектік білдірді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

Бала жалғыз болмауы тиіс...

Алматыда «Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру» тақырыбында кеңейтілген ведомствоаралық отырыс өтті.

Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі ұйымдастырған жиынды кеңес төрағасы Рафаэль Гасанов ашып, жүргізіп отырды. Жиынға Оқу-ағарту министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитетінің төрайымы Нәсімжан Оспанова, Мәслихат депутаттары Қ.Бегалин, Ә.Тұрсын, сонымен қатар, мемлекеттік органдардың, қалалық құқық қорғау саласының, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарының өкілдері қатысты. Жиынға үкіметтік емес ұйымдар мен сарапшылар қауымдастығының өкілдері де қосылды. Сонымен, ағымдағы жылғы қыркүйек айынан бастап еліміздің мектептерінде психолог сағаты жұмыс істейтін болады. Дәл қазір елімізде жеті миллионға жуық кәмелетке толмаған бала болса, олардың құқығын қорғау мақсатында халықаралық талаптарға сай келетін «Қазақстан балаларына» тұжырымдамасы жүзеге асуда. Жобаға ел қазынасынан 1,5 млрд. теңге бөлінген. Сарапшылардың айтуынша, бастаманың іске асуы үшін барлық ведомстволар бірлесіп жұмыс істеуі қажет.

Жалпы, «Өмірлік қиын жағдайға тап болған бала» ұғымы тек ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан жасөспірімді ғана білдірмесе керек. Өйткені, қоғамда тағдырлы



отбасылар баршылық. Олардың жай-күйіне кейде үңіле бермейміз.

Жиын барысында қиын жағдайға тап болған отбасы алдымен қай мекемеге бару керектігін өзі анықтап, әр қызметке жағдайын қайта-қайта түсіндіруге мәжбүр болмауы тиіс екені айтылды. Қатысушылар керісінше, жүйе баланың жағдайына бейімделіп, барлық қажетті көмекті бір арнаға біріктіруі керек деген шешімге келді. Қазақстанда орта білім берудегі психологиялық көмектің сапасын арттыру көзделуде.

Басқосуда осы мәселелердің алдын алу, сондай-ақ онымен өзі күресіп жатқандарға қолдау көрсету кеңінен сөз болды. Жалпы, жиынның мәні де, маңызы да осында болды. Қатысушылар бұл басқосу кезекті ресми жиын болып қалмай, балаларды қорғау саласындағы нақты проблемаларды ашық айтып, жауапты органдардың ортақ әрекетін күшейтетін алаңға айналуы қажет деп тарқасты.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

2шілдеден бастап «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заң күшіне енді.

Рақымшылық жасалды

Заң бойынша қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдардың жаза мерзімі қысқартылады немесе жауапкершіліктен толық босатылады.

Осыған орай, Алматы қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты мекемелерде аталған заңның негізгі шарттары мен ережелері жан-жақты түсіндіріліп, тыңғылықты жұмыстар атқарылды. ҚАЖ департаментіне қарасты мекемелер бойынша 550-ге жуық сотталған жазасын өтеп жатса, соның ішінде 59 сотталған рақымшылыққа ілінді. Рақымшылыққа ілінгендердің 16-сы босатылуға, ал 43 сотталғанның жазасы қысқартылуға жатады.

Сондай-ақ, Алматы қаласы бойынша ҚАЖ департаментінің №11 мекемесінде 78 сотталған жасөспірім жазасын өтеп жатыр. Олардың ішінде 15 жасөспірім есірткі жасыру қылмысы бойынша сотталған болса, олардың барлығы жаза өтеу мерзімін қысқартуға жатады. Бүгінде Қылмыстық кодекстің 297-бабы бойынша 6 жыл бас бостандығынан айырылған екі жасөспірімнің жазасы ең ұзақ мерзім, яғни 2 жыл 1 айға дейін қысқартылды. Бүгінгі таңда ҚАЖ департаменті бойынша 5 адам бас бостандығынан айыру орындарынан толық босап шықты. Қазір рақымшылыққа іліккен сотталғандардың жеке істері аудандық соттарға жолданып, жұмыс жалғасуда.



Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Жаз – орман алқаптары үшін қауіпті кезең. Себебі, күн ыстықта абайсызда тұтанған от ие бермей кетеді. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында орман қорын сақтау мен табиғи өрттің алдын алу іс-шаралары талқыланды.

Алғашқы спикер «Қазавиаорманқорғау» РМҚК Алматы авиациялық бөлімшесінің басшысы Бекзат Байшаловтың айтуынша, өрттің едәуір бөлігі табиғат аясында демалатындардың абайсыздығынан шығады.

«Қазіргі уақытта Алматы облысының аумағы өрт қаупі ең жоғары әрі күрделі кезеңде тұр. Алда – жаздың соңғы айы мен күз мезгілі. Көпжылдық статистикаға сүйенсек, дәл осы уақытта өрт қаупі бірнеше есе артады. Өсімдік қурап, шөп сарғаяды, жапырақ түсе бастайды. Ауа температурасының жоғары болуы мен желдің әсерінен мұның бәрі тез тұтанатын материалға айналып, тіпті болмашы ұшқынның өзінен от тұтанып, орман алқабын орап алып жатады», – деді Бекзат Байшалов.

Қазір «Қазавиаорманқорғау» мамандары салалық қызметтермен бірлесіп аумақты әуеден үздіксіз бақылап жүр.

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде де мамандар кірпік қақпайды. Онда орманды тәулік бойы бақылайтын жүйе іске қосылды. Дәлірек айтсақ, 15 камера орнатылып, орман өртімен күресетін 32 адамнан тұратын жасақ құрылып, жаңа станция пайдалануға берілді. Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орманды қорғау, молықтыру мен қалпына келтіру бөлімінің басшысы Райхан Мұхамеджанованың айтуынша, маусым басталысымен табиғи аумаққа келушілер саны бірнеше есе артып, мемлекеттік инспекторларға түсетін жүктеме де едәуір өседі.

«Біз өрттің алдын алуға көп көңіл бөлеміз. Өйткені, тілсіз жауды жанталасып сөндіргеннен гөрі, оның алдын алған әлдеқайда тиімді. Сондықтан өртке қарсы жолдарды жөндеп, жолақты құрғақ шөптен тазартып, ормандағы қауіпсіздік ережесін келген-кеткен адамның үнемі құла-

САЛҒЫРТТЫҚТЫҢ САЛДАРЫ

Өрттің 90%-ына адамның өзі себепкер

ғына құйып отырамыз. Әр адам барынша жауапты болуы керек», – дейді Райхан Мұхамеджанова.

Бүгінде парктің биік таулы бөлігінде 22 бақылау мұнарасы мен 20 тікұшақ алаңы қалпына келтірілді. Таулы беткейде сегіз ескерту белгісі жаңартылды. Ал Алматы мемлекеттік табиғи қорығы директорының орынбасары Руслан Байсұлтанов ерекше қорғалатын табиғи аумақтың өртпен сел қаупі жоғары кезеңдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолға алынған жұмыстар туралы баяндады.

«Қорық аумағында алдын алу мен күзет жағы күшейтіліп, патрульдік бағыттарда қосымша бақылау ұйымдастырылған. Сондай-ақ, қызметкерлер қауіпсіздік техникасы мен төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар бойынша тұрақты түрде нұсқамадан өтіп жатыр», – деді Руслан Байсұлтанов.

Брифингте «Көлсай көлдері» ұлттық паркі директорының міндетін уақытша атқарушы Мақсат Әлімқұлов та сөз алды. Жыл басынан бері мұнда бірде-бір орман

өрті мен ағашты заңсыз кескен оқиға тіркелмеген.

«Бүгінде ұлттық парк табиғи өртті сөндіруге қажетті техникамен толық қамтамасыз етілген. Орман қорын қорғау мақсатында биыл 20 шақырым минералдандырылған жолақ жаңартылып, 33,2 шақырым өртке қарсы алқаптарға күтім жасалды. Ормандағы жағдайды тәулік бойы 12 бақылау мұнарасы қадағалайды. Олар шамамен, 47 мың гектар аумақты қамтып, өрт ошағын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді», – деді Мақсат Әлімқұлов.

Ал «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің директоры Гүлмира Нысанбаева негізгі нысандарының бірі – аумағы 5 мың гектардан асатын республикалық маңызы бар «Ерен тоғайы» табиғат ескерткіші туралы айтты. Мұнда «Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізілген соғды шағаны өседі.

«Ерен тоғайының бірегей экожүйесі мен соғды шағанының табиғи өсу ортасын сақтау – ұлттық парк қызметінің басым

бағыты. Бізде өртке қарсы қосымша алқаптар құру мүмкіндігі қарастырылды. Бұл бірегей тоғайға төнетін қауіп-қатерді азайтып, мамандардың жедел әрекет етіп, сирек кездесетін өсімдіктің түрлерін сақтау іс-шараларының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Гүлмира Нысанбаева.

«Іле-Балқаш» резерватында 300 гектар аумақта өртке қарсы қорғаныс жолағы әзірленді. Бұл туралы да брифингте айтылды.

«Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты бас директорының орынбасары Аманжол Үркінбаев 2026 жылғы өрт қаупі жоғары маусымға дайындық пен табиғи аумақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қола алынған жұмысты баяндады. Оның айтуынша, дайындық іс-шаралары толық көлемде жүргізілген. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірлесіп жұмыс істейтін жоспары әзірленіп, бекітілді. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ерікті өртке әрекет ететін қарсы құрылымдар да жасақталды.

Іргемізде орналасқан Алматы облысында өрт қаупі жоғары маусымға дайындық аясында тәулік бойы жұмыс істейтін 9 бақылау бекеті, 13 орман өрт станциясы мен ондаған арнаулы техника даярланды. Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының Орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бөлімінің басшысы Айбол Құсайынов осылай деді.

Жалпы, барлық спикер сөзінің түйіні бір: орман қорын сақтау – әрқайсымыздың міндетіміз. Кез келген өрттің алдын алу – оның салдарын жоюдан әлдеқайда оңай. Сондықтан табиғат аясына демалуға шыққанда белгіленбеген орындарда от жағуға, темекі тұқылын тастап жүре беруге болмайды. Бұл – бәріміздің де қолымыздан келетін ең қарапайым шаруа.

Нұржамал ӘЛІШ



НАҚТЫ СЕКТОР

Түркісіб ауданында тұрғындардың ұсынысымен жүзеге асып жатқан абаттандыру жобалары кезең-кезеңімен нәтижесін беріп келеді. Қараусыз жатқан аумақтардың орнына гүл көмкерген саябақтар, заманауи демалыс алаңдары мен балаларға арналған қауіпсіз кеңістіктер пайда болды. Осы жұмыстардың барысымен таныстыру мақсатында Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі мен Түркісіб ауданы әкімдігі журналистерге арналған көшпелі баспасөз турыын ұйымдастырды.

Баспасөз турына Түркісіб ауданының әкімі Дамир Әкежанов қатысып, ауданды дамыту бағытында қолға алынған негізгі жобалар мен олардың нәтижелері туралы баяндады. Оның айтуынша, бүгінде аудандағы әрбір жаңа қоғамдық кеңістік тұрғындардың сұранысы мен ұсынысы негізінде қалыптасып келеді.

Турдың алғашқы нысаны – Шолохов көшесі мен Сейфуллин даңғылының қиылысында орналасқан Сәкен Сейфуллин атындағы сквер болды. Жалпы аумағы 1,7 гектар болатын қоғамдық кеңістік биыл толық абаттандырылып, жаңа кейпке енген. Скверде 3,2 мың шаршы метр аумақ көгалдандырылып, 12-ден астам гүл



түрінен шамамен, 150 мың түп гүл отырғызылған. Сонымен қатар, көпжылдық сәндік өсімдіктер де егілді. Қазір мердігер ұйым жасыл желекке тұрақты күтім жасап, суару, арамшөптерді тазарту, топырақты қопсыту және тыңайтқыш енгізу жұмыста-

рын жүргізіп жатыр. Аудан басшысы мұндай жобалар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыратынын атап өтті.

«С.Сейфуллин атындағы сквер бүгінде аудан тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналды. Таңертең спортпен шұғылданатындар, кешке балаларымен серуендейтін отбасылар көбейді. Осындай жайлы қоғамдық кеңістіктерді көбейту – біздің басты міндетіміздің бірі. Алдағы уақытта да қоғамдық кеңістіктерді күтіп ұстау мен дамытуға ерекше көңіл бөліп, тұрғындар үшін қолайлы қалалық орта қалыптастыруды жалғастырамыз», – деді аудан әкімі.

Баспасөз турының екінші аялдмасы Жahanгер көшесі, 14/20 мекенжайында орналасқан жаңа қоғамдық кеңістік. Бұл жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асқан. Бұрын қараусыз жатқан аумақ бүгінде балалардың ойын алаңы, жастардың спортпен айналысатын және тұрғындардың тынығатын орнына айналған.

– Өткен жылы тұрғындар өтінім беріп, дауыс беру арқылы дәл осы аумақты абаттандыруды таңдады. Соның нәтижесінде биыл 63 миллион теңге бөлініп, жоба толық аяқталды. Жалпы, ауданымызда биыл

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 24 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде шағын скверлер, жаяу жүргіншілер аймақтары, серуендеу жолдары салынып, көгалдандыру, сыртқы жарықтандыру, автоматты суару жүйелері мен бейнебақылау камералары орнатылуда, – деді Д.Әкежанов.

Жаңарған демалыс алаңының игілігін көріп отырғандардың бірі – осы маңда ұзақ жылдан бері тұратын Сара Рақышқызы. Оның сөзінше, тұрғындардың көптен күткен арманы орындалған.

– Осы жерде тұрғаныма 50 жыл болды. Бұрын бұл аумақтың жағдайы мүлде басқа еді. Ескі спорт алаңы ғана болатын. Жолдасым балалар ойнасын деп өз қолымен теннис үстелін жасап берген. Қазір мұнда бәрі жаңарып, өте әдемі демалыс орны салынды. Балалар күн сайын ойнайды, жастар үстел теннисін ойнайды, үлкендер тынығады. Мұндай өзгерістер біз үшін үлкен қуаныш, – дейді тұрғын.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы тұрғындардың өздері ұсынған жобаларды жүзеге асыру арқылы қалалық ортаны жақсартудың тиімді тетігіне айналып отыр.

Дана САДЫРҚАН.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы, адами капиталдың сапасы мен жас ұрпақтың болашағы сапалы біліммен тығыз байланысты. Ал сапалы білім туралы айтқанда, оның басында кәсіби құзыретті, жауапты әрі беделді педагог тұлғасы тұрады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында педагог мәртебесін арттыру, мұғалімдердің құқығын қорғау және олардың кәсіби дамуына жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Бұл сөз жоқ, педагог мамандығына деген құрметтің артып, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенінің айқын дәлелі.

Педагог тек білім беруші маман ғана емес, жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыратын, адамгершілік құндылықтарды дәріптейтін, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамытатын тұлға.

Бүгінгі мұғалім заман талабына сай цифрлық технологияларды меңгеріп, оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, әрбір білім алушының қабілетін ашуға ба-



ғытталған кәсіби қызмет атқаруы тиіс.

Педагог мәртебесін арттыру – тек мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартумен шектелмей, бұл білім беру сапасын арттырудың маңызды тетігі. Мұғалімнің кәсіби беделі мен қоғамдағы орны неғұрлым жоғары болса, білім беру жүйесінің де нәтижелілігі арта түседі. Сондықтан педагогтың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау, оның құқықтарын қорғау және қолдау көрсету сапалы білім берудің басты шарттарының бірі.

Алматы қаласында білім беру саласының сапасын қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қаладағы білім беру ұйымдарының қызметіне мониторинг жүргізу,

мемлекеттік бақылау шараларын жүзеге асыру, білім беру сапасының көрсеткіштерін талдау және педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіруге бағытталған жұмыстар тұрақты ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, педагогтердің құқықтарын сақтау, педагогикалық әдеп нормаларының орындалуын қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарында қолайлы және қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері де ерекше назарда.

Бүгінде қоғам тарапынан педагог мамандығына деген құрмет пен сенімнің арта түскені білім беру жүйесінің сапалы дамуының маңызды көрсеткіші. Ұстаз еңбегін бағалау, оның кәсіби өсуіне мүмкіндік беру және әлеуметтік қолдау көрсету келешек ұрпақтың сапалы білім алуына жасалған инвестиция.

Білім саласындағы кез келген оң өзгеріс ең алдымен педагогтан басталады. Сондықтан педагог мәртебесін арттыру тек білім беру саласының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Гүлнар ЕРМЕКБАЕВА,
Алматы қаласының
Білім саласында сапаны
қамтамасыз ету
департаментінің басшысы.

ТҰРҒЫН ҮЙ

Екі мыңға жуық отбасы
баспаналы болады

Алматыда жақын уақытта екі мыңға жуық отбасы жалға берілетін тұрғын үйге қол жеткізеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Отбасы банк» АҚ Алматы қалалық филиалы директорының орынбасары Кәмшат Оңалбаева мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, Алматы қаласының әкімдігі «Отбасы банкке» жалға берілетін 1971 пәтерді тапсырады. Оның 1595-і халықтың әлеуметтік осал топтарына, 376-сы тұрғын үй кезегінде тұрған өзге азаматтарға арналған.

Спикер сондай-ақ, «Алматы жастары» бағдарламасының нәтижесіне тоқталды. Биыл бағдарламаға 5363 адам өтініш беріп, құжаттарды тексеру қорытындысы бойынша 3968 жас маманның өтінімі мақұлданған. Қатысушылар қатарында мұғалімдер, дәрігерлер, жас ғалымдар, журналистер, коммуналдық қызметкерлер, мәдениет саласының мамандары және құқық қорғау органдарының қызметкерлері бар.

Бағдарлама аясында ең жоғары несие сомасы 20 млн. теңгені құрайды. Бастапқы жарна – 10%, несие мөлшерлемесі – жылдық 5%. Бағдарлама бойынша бастапқы және қайталама нарықтағы тұрғын үйді сатып алуға мүмкіндік қарастырылған.

Кәмшат Оңалбаеваның айтуынша, «Алматы жастары» бағдарламасы іске асырылған он жыл ішінде 8326 жас алматылық тұрғын үй жағдайын жақсартып, берілген жеңілдетілген несиенің жалпы көлемі 179,2 млрд. теңгеге жетті. Биыл бағдарламаға қызығушылықтың жоғары болуы оның тиімділігін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ



ЖЕЛІДЕ ЖЕЛІККЕН

ТОҒЫЗ ТИКТОКЕР-СТРИМЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Бүгінде бүкіл әлем бір саусақтың ұшында тұр. Яғни әлеуметтік желіге жіпсіз байланғанбыз. Қазір ең танымал алаң – TikTok. Әрине, ақпарат алмасу, білім бөлісу, кәсіп жүргізу сияқты игі мақсаттарға қызмет етіп отырған бұл платформаның қоғамға тигізер пайдасы аз емес.

Алайда, кейінгі уақытта әлеуметтік желінің тәрбиелік ықпалына қатысты алаңдаушылық та күшейіп келеді. Мәселен, көптің назарын аударып, танымалдыққа ие болу үшін бейәдеп әрекеттерге баратын әйелдер де бой көрсете бастады бүгінде.

Жалпы, TikTok-та әлемнің түкпір-түкпірінен өмірлік тәжірибесін, сабақ болар оқиғасын, білімін бөлісіп, өзгелерге де жақсы нәрселерді үйренуге шабыт беріп отыратын қыз-келіншектер, әйел-аналар аз емес. Мәселен, бір ғана WomenOfTikTok хэштегімен 3 миллионға жуық жарияланым бар екен. Бірақ біздің айтқымыз келетіні – әлеуметтік желі бетінде әдепсіз қылық жасап, ашыған қамырдай салбыраған ішін дірілдетіп, бөксесін бұлтыңдатып қолайсыз қимылдар жасап, көзін қысып қойып, қысқа белдемшемен жарасымсыз билейтін, барылдақ дауысымен ән салатын, экран алдында шылпылдатып тамақ ішіп, бейәдеп сөздерді қарша боратып отыратын, өзін блогер санайтын әйелдер туралы. Тіпті, осындай арзан күлкі мен хайп үшін түсірілетін арзанқол контентіне бала-шаға, күйеуін де қосып алатындар бар. Бұл әрекетті жастар күлкі-мазаққа айналдырып жатса да, одан сайын өршелене түседі. Әлеуметтік желінің адамның көңіл күйімен қатты ойнайтынын, мидағы дофаминді қоздыратынын, ал бұл өз кезегінде виртуалды әлемге тәуелділікті күшейтетінін олар сезбейтін де сияқты.

Желі қолданушыларының «Әпше, доғарыңыз!», «Дәрігерлер не деп жатыр, мұның емі бар дей ме?», «Апа, сізге біреу сұлусыз деген-ау, қоймадыңыз ғой», «Атан түйе тайраңдаса жұт болады», «Тәте-ау, сізге айтар сөзіміз де, смайлигіміз де таусылды» деген секілді хейт те өтпейді ондайларға. Қайта экраннан дүрсе қоя беріп, тепсіне ұрсыса жөнеледі. Сөйтіп, TikTok та қоғамдағы құндылықтар жүйесін өзгерткендей. Бұрын білім мен еңбекті бағалау алдыңғы орында болса, қазір көпшілікке танымал болу, көрермен жинау маңызды. Яғни «лайк» пен «подписка» өз-өзімізді бағалау өлшеміне айналып, ал этика мен мораль кейінге ысырылғандай.

«Қазір блогерлер де тікелей эфирлерде былапыт сөздерді емін-еркін айтып, темекісін бұрқыратып отырады», «Батлға да аузы лас әйелдер шығатын болған», «TikTok бетінде мас күйінде өлең айтып отыратын тәтелер жүр. Елімізде осындайларға заңмен шектеу қоюға болмас па екен?» деген пікірлер де қалдырады алақандай телефон экранының арғы бетінде отырған сан мың адам.

TikTok-тағы әлгіндей бейнежазбалар жастарға үлгі, бағыт болып көрінуі де әбден мүмкін. Егер байқап

жүрген болсаңыз, қазір шынашақтай бүлдіршіндер де айна алдында бетін бояп, әрлеп отырып видео түсіретін болған. Әлеуметтік желіден «Осы күні кейбір кішкентай қыздардың аузы лас болып кеткен екен. Ойландырады...» деген жазбаны да көзіміз шалды.

Қазақ әйелінің болмысы әрдайым әдеп-ибамен, парасаттылықпен және ұстамдылықпен ерекшеленген. Оның қадірі сыртқы көрінісімен емес, ішкі мәдениетімен, тәрбиесімен өлшенгенін неге ұмытамыз?! Демек, бүгінгі қоғамға танымал болудың емес, тағылымды болудың қажеттілігі артып отыр. Жастарға үлгі болатын дүниелер көбеймейінше, тәрбиелік мәселелер осылай өзекті күйінде қала береді. Жалпы, әлемдік тәжірибеде TikTok-қа қатысты саясат әр елде әрқалай. Бір мемлекетте қатаң тыйым салынса, бір жерде рұқсат, ал енді бірінде келісім арқылы реттеледі. Бірақ бәрінде ортақ мәселе – жаһандық технологияның қоғамға әсерін дұрыс бағалап, қауіп пен мүмкіндіктің аражігін ажырата білу. Міне, осы ойымызды қағазға түсіріп отырғанымызда, әлеуметтік желіде ҚР ИІМ баспасөз қызметінің ресми хабарламасы тарады. Ресми орган мәліметіне сүйенсек, кейбір әлеуметтік желі қолданушылары қаралым, лайк және донат жинау үшін шектен шығып, тікелей эфирлерде балағат сөздер айтып, ойына келгенін жасап, бейәдеп әрекеттер көрсеткен.

Мәселен, құқық қорғау органдарының назарына іліккендер қатарында TikTok-та «Бауырсақ» лақап атымен танымал 37 жастағы астаналық Индира Ештаева да бар. ИІМ ақпараты бойынша, ол тікелей эфир барысында балағат сөздер айтып, заңсыз контент таратқан. Оған ұсақ бұзақылық жасағаны үшін әкімшілік айыппұл салынған. Жамбыл облысының тұрғыны, TikTok-та «Алтын әйел» деген атпен танылған 41 жастағы Лайло Қасымова да бірнеше мәрте балағат, лас сөздер айтып, құқыққа қайшы контент таратқаны үшін айыппұл арқалады. Тіпті, осы блогердің үстінен бірнеше ата-ананың «шектен шығып барады, қылығы жасөспірімдерге теріс әсер береді» деп арыз жазғаны да есімізде. Сөйтіп, арыс әрекеттерге барған тоғыз стримердің бәрі де бір күнде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

«Цифрлық кеңістікті қоғамдық мінез-құлық мәдениетін бұзатын, жастарға теріс үлгі көрсететін және зорлық-зомбылық, қорлау арқылы танымал болуға тырысатын тұлғалардан тазарту жұмыстары жалғасатын», – деп шегелерді сөзінің соңын ИІМ ресми өкілі Шыңғыс Әлекешев.

Әрине, әлеуметтік желіні мүлдем елемей мүмкін емес. Ол өміріміздің ажырамас бөлігіне айналғаны ақиқат. Сондықтан TikTok тек көңіл көтеру, арзан күлкі немесе уақыт өткізу құралы ғана емес, жас-кәрінің де құндылығын, өмір сүру салтын жақсы жағына өзгертетін платформа болса игі дегіміз келеді. Әсіресе, құрсағынан ұрпақ тарайтын, шаңырақтың шегесі саналатын әйел затының тіпті абай болғаны ләзім.

Нұржамал ӘЛІШ.

Карикатура: Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ҚАЛА ПЕЙЗАЖЫ

АЛМАТЫНЫҢ ҚАСИЕТІ

Бұл қала «билеушілердің» де, келушілердің де ықпалына бөйне бермеген. Өз өмірі мен өз аурасын әлдебір көзге көрінбейтін күшпен тұрақты ұстап тұрғандай. Өзін сүйген адамға қайыры бар, ал түсіне алмаған жанды соңынан қуып әуре болмайды, оған уақыты да, зауқы да жоқ. Сондықтан болар, Алматының тарихы шаһардың мәдениетін жасаған, ғылымын өркендеткен, өнерін биіктеткен қарапайым жандардың еңбегімен бағаланады. Қала өзінің рухын солар арқылы сақтап келеді.

Алматының рухы бір күнде қалыптасқан жоқ, жылдар бойы жиналған сағыныштан, арманнан, өнерден, еркін ойдан құралған. Бұл қалаға келген адам алдымен оның табиғатын көреді. Бірақ уақыт өте келе табиғатынан да терең бір құдірет бар екенін сезеді. Ол – Алматының жанды рухы. Бұл рух «Дос-Мұқасанның» әндерінен, Мұқағалидың жүрекке жеткен жырларынан, Шәкеннің өнерінен, Нұрғиса төккен әуендерден, Әбіштің ойынан, Олжастың өр мінезінен қуат алады. Сан тараптан арман қуып келген студенттердің күлкісі мен арманы да осы рухты жыл сайын жаңартып отырады.

Көктөбе – қаланың ойға шомған биігі. Медеу – оның қайсарлығы. Шымбұлақ – асқақ арманы.



Алматының тағы бір тылсым қасиеті бар, ол адамды өзгертеті. Бұл қалаға келген жанның бәрі мұны бірден сезіне бермейді. Бірақ уақыт өте келе оның асығыс мінезі сабырға, артық даңғойлығы қарапайымдыққа, жалғыздығы сағынышқа айналады. Алматы адамды өзіне ұқсатпайды, қайта оның шынайы болмысын ашуға көмектеседі. Бұл шаһардың өзгеше қасиеті – әр адаммен өз тілінде сөйлесе білуі. Біреуге ол ғылымның қаласы болып ашылады, біреуге өнердің ордасы, енді біреуге кәсіптің, ізденістің немесе махаббаттың мекені болады. Бір қала болғанымен, әр адамның жүрегінде өзге Алматы өмір сүреді. Сондықтан ешкім бұл қаланы толық таныдым деп айта алмайды. Алматының өзіне тән мінезі бар. Кейде мейірімді анадай құшағына алады, кейде тәкаппар арудай жақындатпайды. Ол және жалғандықты ұнатпайды – табиғаты сүймейді. Байқап отырсақ, Алматы мақтағанға дандайсымайды, ал басқа бір қалалармен салыстырсаң жақтырмайды. Өзінің сипаты мен сұлулығы ешнәрсеге алаңдап, жалтақтамайды.

Алматы адамды бір-біріне жақындататын қала. Мұнда кездейсоқ таныстық ұзақ достыққа, қарапайым әңгіме үлкен шығармашылыққа немесе өмірлік серіктестікке ұласуы мүмкін. Қала адамдарды амалсыз емес, табиғи түрде табыстырады. Алматыға сырттан қараған адам қала көреді, ішінен таныған адам тағдыр көреді. Өйткені, бұл шаһардың көшелері адамдарды ғана емес, олардың армандарын да тоғыстырады. Бұл қала еркіндіктің дәмін ерте татқан. Сондықтан оның көшелері Желтоқсанның үнін әлі де сақтап тұрғандай. 1986 жылдың алаңы тарих болып қалғанымен, оның рухы Алматының тынысынан кеткен жоқ. Кейде бұл қала үнсіз ғана сол күндерді еске алады. Кейде жаңбыр болып жылайды. Кейде алма гүлін шашып, үміт болып қайта оралады. Сондықтан бұл қаланың басты қасиеті – оның көзге көрінбейтін рухында. Сол рух адамдарды қайта-қайта өзіне шақырады. Сол рух талай буынды тәрбиеледі, әлі талайын тәрбиелейді.

Бұл қаланың, мүмкін, басқа қалалардан тағы бір ерекшелігі – ешкімнің атағына бас иемейтіні. Мұнда кеше ғана келген адам да, өмір бойы тұрған адам да бірдей сынақтан өтеді. Алматының әркімге қоятын сұрағы да ортақ. Бұл қалаға келген адам оны өмір бойы ұмытпайды, бірақ Алматы бірден ұмытып кететін саяз, арзан адамдар болуы мүмкін. Міне, сондықтан Алматы уақытқа бағынбайды. Заман өзгереді, адамдар өзгереді, тіпті қаланың келбеті де жаңарады. Бірақ қаланың жаны өзгермейді. Оның шын қасиеті де – осында.

Бақытжан ҚАРАТЕГІ,
қалагер-дипломат.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.